

Қанапия ағайын-туыстарының арасында да өте сыйлы, қадірлі болды. Бұл кісінің арқасында Павлодар облысы Май ауданының жастары жоғары оқу орындарын бітіріп, бір-бір мамандық алды. Ал ет жақын ағайын-туыстарының балалары Қарағандыда оқуларын осы Қанапия мен Динаның үйінде тұрып оқыды.

Исі қазаққа кеңінен танымал, атақты ғалымдарымыз Жабайхан мен Мейірхан Әбділдиндер Қанапияға туыс болып келетіндіктен, ол кісілермен де жақсы жолдас болып кеттік. Жабайхан ағамыз менің 70 жылдық мерейтойымда Қанапия екеуіміздің жолдастарымызға да көңіл бөліп, үлкен мән беріп еді. Өйткені, Қанапияға ағайын болған соң мені де студент кезімізден білетін.

Құдайға шүкір, Қанекен өмірден өткенімен, артында өсіп-өнген ұрпағы қалды. Ұғыбай деген жолдасымыз екеуіміз Қанапияны соңғы сапарға шығарып салғаннан кейін сол үйде бірге қонып, жата-жастана көп әңгімелестік.

–Қанапияға Алла орынды жұмақтан бұйыртатын шығар, – деп еді сонда Ұғыбай. – Өйткені, ешкімге жамандық ойламаушы еді ғой.

Иә, расында да солай. Мен осы өмірімде Қанапия туралы бір ауыз жаман сөз айтқан кісіні мүлде көрмеппін. Ондайды естімеппін де. Қанапиям дегенде бұл жазғанымнан асырып енді не дейін. Жан досымның алды жарық, иманы жолдас болсын. Жан жары Динаға амандық тілеймін. Балаларына, үрім-бұтағына әкелерінің, аталарының абыройлы жолын берсін.

ЕСТЕН КЕТПЕС ҚАНАПИЯ ДОСЫМ!

Бектурсунов Ұғыбай, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

*Алаулап атқан таңдармен
Келмейді ау қайтіп бала кез.*

Мен ол кезде 20 жасқа толмаған кезім .

ҚазПИдің физика-математика факультетінің 2- курсына оқимын. Қасымда досым (физик) Тельман Мукушов. Көкшетаудан, шахматист.

Бір күні Телекен қасында орта бойлы, қара торы әдемі жігіті бар, келіп тұр. Мынауың кім дедім. Күлді. Сұрай келе, білсем. Ол армиядан келіп, физика бөліміне түскен 1-курс студенті- Арынғазин Қанапия. Өзі- партия мүшесі, армияда жүргенде оқып алған шопырлық правосы бар және шахмат ойнауды жақсы көреді. Менде оның бірі жоқ.

Не керек үшеуіміз дос болып кеттік. Сабаққа барып келгеннен кейін, бірімізді біріміз іздейтін болдық. Бірге жүреміз. Қыздарға қараймыз. Байқаймын, Қанапияға қыздар көбірек қарайды. Әдемі ғой. Соның айғағы мына суретті қосып жіберіп отырмын

Ол заманда (елуінші жылдар) студенттер тек стипендиямен ғана күн көреді. Жатақханада тұрады. Біздің общежитиеміз-Комсомол көшесі, 35 үй. Қазіргі Төлеби көшесімен Қонаев көшесінің бұрышы, екі қабатты үй. Менікі екінші этаж 64-бөлме. Қанапия мен Тельман бірінші этаж 8- бөлме. Тамақты асханадан ішеміз, кейде бөлмемізде шай ішеміз. Жейтініміз нан, батон өте дәмді, майымыз-маргарин.

Кейде келесі стипендияға дейін ақшамыз жетпей қалады. Ашпыз. Институттың асханасында Дора дейтін әдемі орыс әйелі істейді, біздерді жақсы біледі, ылғый бірге жүреміз ғой, содан тегін тойып тамақ ішіп кетеміз.

Қайта-қайта бара беруге болмайды. Ұят қой. Әдетіміз (күнде) тәнертең тұрып, жуынып, таранып, әдемі киініп, үшеуіміздің де қара шалбарымыз (ол кезде модно) бар. Жатақхананың ауласында тұрамыз. Қанапия-Коля, Тельман-Телеке, мен-Ұғеке. Телекен шашын сулап, тарап, кері қайырып қояды, как адмирал Нельсон.

Қасымыздан топ-топ шұбырып қыздар өтіп жатады. Тұсымыздан өте бере жүрістерін жылдамдатып кетеді. Біз сынап тұрмыз ғой. Оны олар сезеді.



Күндердің бір күнінде тамақ ішейік десек ақша жоқ. Не істеу керек. Мен айттым-менде бір жаңа плашым бар, соны барахолкаға апарып сатайық. Бірақ мен ұстамаймын. Ұялам. Телекең айтты, мен ұялмаймын, мен ұстаймын, мен сатамын деді. Жарайды. Біз Коля екеуміз анадай жерде қарап тұрмыз. Ол кезде бос жер барахолка қазіргі Алматыдағы стадионның орны болатын. Не керек Телекең плашты 17 сомға сатты. Оған барып тойып тамақ іштік, қалған ақшаға үшеуміз үш қара очки сатып алдық. Күн ыстық. Көзілдіріктің шынысы темный, оправасы ақ. Өте модно. Елде жоқ болатын. Қасымыздан өккендердің бәрі бізге қарайды. Бізге сол керек. Сонымен плаштың ақшасы бітті.

Бірақ ол заманда, ақша жоқ, енді қалай күн көреміз деген ешқайсымызда ой болмайтын. Көңіліміз тоқ, болған, толғандай жүре беретінбіз. Және кім қай жақтан, руы кім, әке-шешесі барма, жоқпа не істейді-кім деген біздерде болмаған.

Ол заманда (елуінші жылдар) әр институтта сенбі күні кешке вечер болатын. Оған өздерінің студенттерін ғана кіргізеді, сырттан жібермейді. Біз үшеуіміздің баратын кештеріміз: КазПИ, КазГУ, Мединститут, Иняз. Біздерді бәрі таниды, барлық жер жібереді. Көңілімізге ұнаған қыздармен билеп қайтамыз. Көлігіміз №4 трамвай. Кез келген жерде қол көтерсек тоқтайды.

Кейінірек біздерге Шайдолла (Шәйеке) Баженов қосылды. Филолог (русская философия), студент. Өте тамаша жігіт. Герольд (Гера) Карлович Бельгермен бір курста жатаханада бір бөлмеде жатып оқыған. Гераның әйелі Раямен (татарка) де бір группада оқыған. Гераның бір аяғының кемістігі бар. Балдақпен жүреді. Үйден көп далаға шықпайды. Кедей немістің баласы. Шәйекең айтып отырушы еді. Гераның шалбарын жыртық, далаға шығайын десе менің шалбарымды сұрап киеді деп. Оқуға барайын десе, күн салқын, киімі жоқ. Телекең өзінің бір курткасын бергені де есімізде.

Байлық не дегізбейді,

Жоқтық не жегізбейді деген емес пе?

Сондай болып өскен Гельгерге жақында (20 март 2021ж) оның еңбегін бағалап, қазақтар Алматыда бронзадан үлкен ескерткіш қойды.

Шәйекеңнің біздерден екі-үш жастай үлкендігі бар. Ол институтты бітірді де Алматы да (МВД) жұмысқа қалды. Назымбек деген ағасының Дзержинский көшесінде коммунальдық үйден бір бөлмесі болды. Шәйекең сонда тұрды. Көрші бөлмеде бір орыстың кемпірі. Ол біздің Шәйекеңе келгенімізді жақтырмайды.

Шәйекең үйленбеген. Неге үйленбейсің десек Фестивальді пестибал деп тұрған қызға қалай үйленем дейді. Өзі русская филологияны бітірген ғой.

Сонымен, мен 3-курстан кейін Москваға ауысып кеттім. Московский государственный университет им. М.В. Ломоносова, механико-математический

факультет. Онда тіпті басқа өмір. Бәріде қиын. Толып жатқан экзамендер, зачеттар, спецкурстар, семинарлар, ғылыми советтер. Математика, механика, физика салаларының негізін салған академиктер лекция оқиды.

Ішінде Нобель сыйлығының лауреаттары да бар. Математика, механика, физика салаларының дүниежүзілік конгресстері, бүкілодақтық съездері мен конференциялары жүріп жатады.

Тіпті атақты Нобель сыйлығының лауреаттары әкелі- балалы Нильс пен Оге Борларды да көрдім. Нильс Бор қазіргі физика ғылымының негізін қалаушылардың бірі.

Осылай заманның ағымымен әрқайсымыз әр жаққа кеттік.

Әркімді Заман сүремек,

Заманды қай жан билемек ?

Заманға жаман күйлемек,

Заман оны илемек. (Абай) деген емес пе?

Шайдолламыз Алматыда қалып өзінің Сониясына үйленіпті. Одан туған ұлы Ермек осы күндері Алматыда, КГБ-ның полковнигі. Өзі МВД-нің полковнигі болды. Қазақстанның түрмелерін тексеріп жүретіні есімде. Үйінде бірнеше рет қонақта болғанымызда есімде. Және оның ішінде ылғый Бельгер болады.

Шәйекен ақкөңіл, өте адал, сыншыл, ойындағысын тура айтатын. Қолынан келген жақсылығын аямайтын. Кейбір кісілерді түрмеден босатып жібергендерін де көрдім. Турашылдығының бір мысалы: Бельгердің әйелі Раяға "Рая, ты дура!! Дегені де есімде. Оның ішінде Тельман да болды.

Телекең болса, ол бәрімізден бұрын өзінің Кларасына үйленген. Туып өскен жеріне барып, өмір жолын мектепте мұғалімдіктен бастап: Завуч, мектептің директоры, районының бастығы, райисполкомның бастығы, райкомның секретары болып, ылғый бастық болып, Көкшетау облысының көрнекті, беделді адамы болды. Алматыдағы Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін ОблОНОның бастығы болып, көп жылдар қызмет атқарды. Облыста оқу-ағарту жұмысының жоғары деңгейде дұрыс жолда қалыптасуында қажымай-талмай еңбек етті.

Қазір де, обылыс көлемінде маңызды үлкен мәселе не оқыйға болса, обылыстың әкімі Телекеңнің пікірімен санасып, ақыл-кеңесін тындайды. Почетный гражданин. Болат, Марат деген ұлдары, Гүлнар, Элмира қыздары-бәріде жоғары білімді.

Болат Москвадағы МГУ дің физика факультетін бітірген. Осындай үлкен семья Қанапия болса, өзінің Динасына үйленіп, институтты бітіргеннен кейін, Қарағанды университетінде өмір жолын ғылыми педагогикалық қызметтен бастап, өмірінің аяғына дейін жалғастырды.

Кандидаттық диссертациясын қорғаннан кейін университеттің беделді оқытушысы, доценті, факультеттің деканы, кафедраның меңгерушісі болды. Ол кезде Қарағанды педагогикалық институты университет болған еді. Университеттің ректоры болып атақты академик Е.А.Букетов тағайындалған. Ол Қанапияның еңбегін бағалап, өзіне дос-серік ретінде бірігіп жұмыс істеді. Елімізде Қарағанды университетінің жоғары университет болып қалыптасуына Қанапияның сіңірген еңбегі зор. Күнделікті студенттерге оқыйтын лекцияларына дайындық, кафедраның, факультеттің, университеттің жұмыстарын атқарумен қатар, өзінің ғылыми жұмыстарынан қол үзген жоқ.

1994 жылы Қанапия аспиранттар мен студенттерге, мұғалімдер мен методисттерге арнап "Геометрические идеи в теоретической физике" деген кітабын жазды. Бұл жаңалық. Мысалы, 1960 жылдары Москва университетінде Юрий Манин "Геометрические методы в алгебре" деген тақырыпта жылдық курсты оқыды. Мен өзім соған қатысатынмын.

1998ж. Қанапияның "Введение в естественно научные основы смысловой педагогики". Бұл да маңызды жаңалық. Көпшілік "смысловая педагогика" деген терминді

түсіне бермейді, білмейді. Сондықтан болар, 2005 ж. Қанапияның «Введение в смысловую педагогику» атты үлкен монографиясы жарық көрді.

Бірқатар аспиранттарға басшылық жасап диссертация қорғатты. Көптеген адамдардың кандидаттық, дәстүрлік диссертацияларына оппоненттік жасап, әділ пікірін білдірді. Қаншама жұмыс басты болса да, қажымай, талмай жүріп ғылыми докторлық диссертациясын қорғап шықты.

Қазақстандағы педагогика ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосты. Педагогика Академиясының толық мүшесі- академигі болды.

Халқының қалаулы азаматы болды.

Жаны жайсаң азамат еді.

Тағдырдың салған жолында Қанапиямен дос болғанымды өзіме мақтан тұтамын.

Қанапия, 2019 жылы Май айының 7 күні қайтыс болды.

Артында сүйікті Динасы қалды, ұлы Асқары, қызы Данасы.

Асқары – Москва университетінің физика факультетін бітірген, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Гумилев атындағы университеттің мақтанышы. Немерелерімен үбірлі-шүбірлі семья.

АРДАҒЫМ – АҒАТАЙЫМ

Алматыдағы інісі Ислам Байгисиев

Жас кинорежиссер:

-Фильмнің сәтті шығуы оны қалай түсірілуіне байланысты ма, әлде кімді тусіруіңе байланысты ма?

Ұстаз:

-Кімнің түсіргеніне байланысты...

Сол айтқандай Қанапия аға туралы, өзімнен бұрын, Ебіней Арыстанұлынан естіген әңгімеден бастағым келіп отыр...

1973 жыл. Қанапия ағамен әлі таныс емеспіз. Ол кезде Гүлсім екеуміз Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында қызметтеміз. Жас семья, жас маман ретінде театр бізге Нүркен Әбдіров көшесінде жаңадан тұрғызылған үйден екі бөлмелі пәтер берді. Қуанышымызды бөлісуге, Қарағандыға келгелі бізді бауырларына басып, әке-шешеміздей болып кеткен Ебіней аға мен Зүбайра апамыздың үйіне келдік. Бұл жаңалыққа балаша қуанған Ебіней аға:

- Әй, батырлар, сендер «айды аспаннан бір-ақ шығарыпсындар».

Ол дегенің кірпіштен салынған, керемет әдемі, жаңа үй ғой. Сендер Қарағанды мемлекеттік университетінің ұстаздарымен көрші болатын болдыңдар. Сол үйден университетке де бірнеше пәтер берілді.

Айтпақшы мынадай бір жағдай болды. Сол пәтерлерді рет ретімен бөлдік. Ертеңіне, физика факультетінің деканы және бастауыш партия ұйымының хатшысы Арынғазин Қанапия деген жігіт келіп өзіне берілген төрт бөлмелі пәтерден бас тартатынын айтты. Себебін сұрасам төрт бөлмелі пәтерді семья мүшелері көп басқа ұстазға беріп, өзіне одан гөрі шағындауы да болатынын айтып тұр.

Мен пәтер бөлерде барлық жағдайлардың ескерілгенін, өзіне, ғылым кандидаты ретінде, қосымша шаршы метрлер тиесілі екенін айтып түсіндірдім. Айтуын айттым-ау, дегенмен артынан Қанапияның адалдығына, ақтығына іштей риза болдым,- деп, Ебіней ағаның таң қалып айтқаны менің де есімде қалып қойыпты.

Содан көп ұзамай бізбен бірге сол үйден пәтер алған Сейфуллин театрының артистері Жанас пен Гүлсара қоныс тойына шақырды. Бардық. Жанас кешігіп келген бізге қонақтарын таныстырып, төрде отырған кісіні: “...бұл кісі бізге ең жақын адам, себебі пәтерлері 40, біздікі 41 нөмірлі, аты-жөні Қанапия Арынғазин”- деді.